

**"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметі арасындағы Техникалық ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 29 наурыздағы N 271 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметі арасындағы Техникалық ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Жоба

**Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония**

**Үкіметі арасындағы Техникалық ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы**

2004 жылғы 27 тамызда Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметі арасындағы Техникалық ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ МЕН  
ЖАПОНИЯ ҮКІМЕТІ АРАСЫНДАҒЫ ТЕХНИКАЛЫҚ  
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ**

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметі екі ел арасында қалыптасқан достық қарым-қатынасты техникалық ынтымақтастықты дамыту жолымен одан әрі нығайтуға ниет білдіре отырып, және өз елдерін экономикалық және әлеуметтік дамытуға жәрдемдесуден алған өзара пайданы назарға ала отырып, мына төмендегілер туралы келісті:

## **I БАП**

Екі Үкімет екі ел арасындағы техникалық ынтымақтастықты дамытуға ұмтылатын болады.

## **II БАП**

Осы Келісім шеңберінде іске асырылатын техникалық ынтымақтастықтың арнайы бағдарламаларын айқындайтын жекелеген келісімдер екі Үкіметтің құзыретті органдары арасында келісілуі тиіс. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретті органы Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, ал Жапония Үкіметінің құзыретті органы Жапония Сыртқы істер министрлігі болып табылады.

Екі Үкімет бір-бірін өздерінің құзыретті органдарына қатысты өзгерістер туралы дипломатиялық арналар арқылы хабардар етеді.

## **III БАП**

Техникалық ынтымақтастықтың мынадай нысандарын:

- (a) Қазақстан азаматтарын техникалық оқытуды;
- (b) Қазақстан Республикасына сарапшылар (бұдан әрі - Сарапшылар) жіберуді;
- (c) Қазақстан Республикасына кең ауқымды техникалық дағдылары мен жеткілікті тәжірибесі бар жапондық еріктілерді (бұдан әрі - Аға еріктілер) жіберуді;
- (d) Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік даму жобалары бойынша зерттеулерді орындау үшін Қазақстан Республикасына жапондық миссияларды (бұдан әрі - Миссиялар) жіберуді;
- (e) Қазақстан Республикасының Үкіметін жабдықпен, техникамен және материалдармен қамтамасыз етуді;
- (f) Қазақстан Республикасының Үкіметін екі Үкімет арасындағы өзара келісім бойынша шешім қабылданатын техникалық ынтымақтастықтың басқа да нысандарымен қамтамасыз етуді Жапонияда қолданыстағы заңдар мен нормаларға, сондай-ақ II бапта аталған келісімдерге сәйкес Жапония халықаралық ынтымақтастық агенттігі (бұдан әрі - ЛСА) өз есебінен іске асырады.

## **IV БАП**

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының азаматтары алған дағдылар мен білімдер, сондай-ақ Жапония техникалық ынтымақтастығының

нәтижесінде жеткізілген, III бапта баяндалған жабдық, техника мен материалдар Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік дамуына жәрдемдесетініне және соғыс мақсаттарында пайдаланылмайтынына кепілдік береді.

## V БАП

ЛСА Сарапшыларды, Аға еріктілер мен Миссияларды жіберген жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1. (1) (a) Сарапшыларды, Аға еріктілер мен Миссиялардың мүшелерін табысқа салынатын салық пен салықтық алымдарды қоса алғанда, оларға шетелден аударылатын жалақыға немесе тәуліктіктерге байланысты салынатын салықтардан б о с а т а д ы ;

(b) Сарапшыларды, Аға еріктілерді, Миссиялардың мүшелерін және олардың отбасыларын консулдық алымдардан, салықтардан, кеден баждарынан, кеден алымдары мен төлемдерінен, салықтық алымдардан және тарифтік емес шараларды қолданудан, соның ішінде импортқа лицензия және мыналарды:

( i ) б а г а ж д ы ;

(ii) жеке пайдалану, күнделікті тұрмыс заттарын және тұтыну тауарларын; және

(iii) Қазақстан Республикасына іссапарға жіберілген Сарапшылар мен Аға еріктілердің міндеттерін атқару үшін қажетті көлік құралдарын әкелуге қатысты валюталық шығыстар бойынша сақтандыру тәуекелдеріне сертификат сатып алу м і н д е т і н е н б о с а т а д ы ;

(c) өз міндеттерін атқару үшін қажетті ешқандай көлік құралдарын Қазақстан Республикасына импорттамайтын Сарапшылар мен Аға еріктілерді қосылған құн салығы мен жергілікті жерде Сарапшыға және Аға еріктіге бір көлік құралын сатып алуға қатысты салықтық алымдарды қоспағанда, салықтардан босатады;

(d) Сарапшыларды, Аға еріктілер мен олардың отбасыларын осы тармақтың (1) (b) (iii) және (1) (c) тармақшаларында аталған көлік құралдарын тіркеуге ақы төлеуден б о с а т а д ы .

(2) Сарапшыларды, Аға еріктілер мен Миссияларды қабылдайтын ұйым өзінің м ы н а д а й м і н д е т т е р і н :

(a) телефон және факсимильдік байланысты қоса алғанда, Сарапшылардың, Аға еріктілер мен Миссиялардың міндеттерін атқаруы үшін қажетті телефон және факсимильдік байланысты қоса алғанда, қолайлы офис пен басқа да игіліктерді өз есебінен беру, сондай-ақ олардың жұмыс істеуі және оларды техникалық қолдау жөніндегі шығыстарды өз мойнына алу;

(b) қажет болған жағдайда, тиісті аудармашыларды қоса алғанда, жергілікті персоналды, сондай-ақ Сарапшыларға, Аға еріктілер мен Миссияларға олардың міндеттерін атқаруы үшін қажетті қазақстандық әріптестерді өз есебінен беру;

(с) қабылдаушы ұйымдардың қаржылық мүмкіндіктері болған жағдайда, Сарапшылар мен Аға еріктілердің:

(i) күн сайын жұмыс орнына және кері тасымалдау;

(ii) олардың Қазақстан Республикасына ресми сапарлары;

(iii) олардың ресми хат алмасуы жөніндегі шығыстарын өз мойнына алу;

(d) Сарапшыларға, Аға еріктілер мен олардың отбасыларына тиісті тұрғын үй-жайын сатып алу үшін ең жақсы жағдайлармен қамтамасыз ету;

(e) Сарапшылардың, Аға еріктілердің, Миссиялар мүшелерінің және олардың отбасыларының медициналық көмек және қызметтер алуы үшін ең жақсы жағдайлармен қамтамасыз ету жөніндегі өзінің міндеттерін орындауы үшін қажетті барлық қажетті шараларды қабылдайды.

(3) (a) Сарапшыларға, Аға еріктілерге, Миссиялардың мүшелеріне және олардың отбасыларына олардың іссапарда болу кезеңінде Қазақстан Республикасына келуге, одан кетуге және онда болуына рұқсат етеді, оларға шетелдік бодандарды тіркеу рәсімін орындау үшін ең жақсы жағдайларды ұсынады және оларды осы ретте туындайтын алымдардан босатады;

(b) олардың өздерінің міндеттерін атқаруы үшін қажетті барлық үкіметтік ұйымдарын ынтымақтастықты қамтамасыз ету үшін Сарапшыларға, Аға еріктілер мен Миссиялар мүшелеріне олардың мәртебесін растайтын құжаттарды береді;

(с) Сарапшыларға, Аға еріктілер мен олардың отбасыларына жүргізуші куәліктерін алуда қажетті жәрдем көрсетеді; және

(d) егер ол шаралар қосымша бюджет қаржысын бөлуді талап ететін болса, мұндай басқа да шаралар туралы екі Үкіметтің құзыретті органдарының келісуін көздейтін Сарапшылардың, Аға еріктілер мен Миссиялардың міндеттерін атқаруы үшін қажетті басқа да шараларды орындайды.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған көлік құралдары, егер олар кейіннен Қазақстан Республикасында мұндай салықтардан, кеден баждарынан, кеден алымдары мен төлемдерінен босатуға құқықтары немесе басқа да осыған ұқсас артықшылықтары жоқ тұлғаларға немесе ұйымдарға сатылатын немесе берілетін болса, олар салықтарды, кеден баждарын, кеден алымдары мен төлемдерін төлеу объектілеріне айналады.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі Сарапшыларға, Аға еріктілер мен Миссиялардың мүшелеріне және олардың отбасыларына дипломатиялық миссияның мүшесі болып табылатындардан басқа, Қазақстан Республикасында осы сияқты миссияны жүзеге асыратын басқа кез келген үшінші елдің немесе кез келген халықаралық ұйымның сарапшыларына, аға еріктілері мен миссияларының мүшелеріне және олардың отбасыларына ұсынылғандардан кем емес болып табылатындай артықшылықтарды, босатулар мен жеңілдіктерді ұсынады.

## VI БАП

Екі Үкімет осындай талап-арыз Сарапшылар, Аға еріктілер немесе Миссиялардың мүшелері тарапынан дөрекі менсінбеушілік немесе әдейі бұзушылық нәтижесінде туындады деп келіскен жағдайларды қоспағанда, Сарапшылардың, Аға еріктілер мен Миссиялар мүшелерінің міндеттерін атқаруы нәтижесінде немесе процесінде немесе басқаша байланысты оларға қарсы туындаған жағдайдағы қылмыстық талап-арыздарды қоспағанда, талап-арыздарды Қазақстан Республикасының Үкіметі өз мойнына алады.

## VII БАП

1. (1) Егер JICA Қазақстан Республикасының Үкіметіне жабдық, техника мен материалдар берген жағдайда, Қазақстан Республикасының Үкіметі осы тауарларды әкелуге қатысты осы жабдықты, техника мен материалдарды консулдық алымдардан, салықтардан, кеден баждарынан, кеден алымдары мен төлемдерінен, салықтық алымдар мен тарифтік емес шаралар қолданудан, оның ішінде қауіпсіздік жөніндегі талаптарды қоспағанда, импортқа лицензия және валюталық шығыстар бойынша тәуекелдерді сақтандыруға сертификат алу міндетінен босатады. Жоғарыда аталған жабдық, техника мен материалдар портқа немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретті органдарына беру орнына жеткізу фактісі бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің меншігіне айналады.

(2) Егер JICA Қазақстан Республикасының Үкіметіне жабдықты, техника мен материалдарды берген жағдайда, Қазақстан Республикасының Үкіметі аталған жабдықты, техника мен материалдарды жергілікті жерлерде сатып алуға қатысты қосылған құн салығын және салықтық алымдарды қоса алғанда, салықтардан босатады.

(3) Егер екі Үкіметтің құзыретті органдары арасында өзгеше келісімесе, осы тармақтың (1) және (2) тармақшаларында аталған жабдық, техника мен материалдар осы келісімнің II бабында сілтеме бар келісімдерде белгіленген мақсаттарда пайдаланылады.

(4) Осы тармақтың (1) және (2) тармақшаларында аталған жабдықты, техника мен материалдарды Қазақстан Республикасының аумағы бойынша тасымалдау жөніндегі шығыстар және оларды ауыстыру, ұстау мен жөндеу жөніндегі шығыстар Қазақстан Республикасының Үкіметіне жүктеледі.

2. (1) Егер екі Үкіметтің құзыретті органдары арасында өзгеше келісімесе, JICA дайындаған, Сарапшылардың, Аға еріктілер мен Миссиялар мүшелерінің міндеттерін атқаруы үшін қажетті жабдық, техника мен материалдар JICA меншігінде қалады.

(2) Қазақстан Республикасының Үкіметі Сарапшыларды, Аға еріктілер мен Миссиялардың мүшелерін осы тармақтың (1) тармақшасында аталған жабдықты,

техника мен материалдарды әкелуге қатысты консулдық алымдардан, салықтардан, кеден баждарынан, кеден алымдары мен төлемдерінен, салықтық алымдар мен тарифтік емес шараларды қолданудан, оның ішінде қауіпсіздік жөніндегі талаптарды қоспағанда, импортқа лицензия және валюталық шығыстар бойынша тәуекелдерді сақтандыруға сертификат алу міндетінен босатады.

(3) Қазақстан Республикасының Үкіметі Сарапшыларды, Аға еріктілер мен Миссиялардың мүшелерін осы тармақтың (1) тармақшасында аталған жабдықты, техника мен материалдарды жергілікті жерлерде сатып алуға қатысты қосылған құн салығын және салықтық алымдарды қоспағанда, салықтардан босатады.

## **VIII БАП**

Қазақстан Республикасының Үкіметі өзі белгілеген ұйымдар арқылы Сарапшылармен, Аға еріктілермен және Миссиялардың мүшелерімен тығыз байланыста болуы тиіс.

## **IX БАП**

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі ЛСА-ның Қазақстан Республикасындағы шетелдік офисін (бұдан әрі - Офис) ашуға және ұстауға мүмкіндік береді және осы Келісім шеңберіндегі техникалық ынтымақтастық бағдарламаларына қатысты өздеріне ЛСА жүктеген міндеттерді Қазақстан Республикасында атқаратын Жапониядан іссапарға жіберілетін тұрақты өкілі мен оның штатын (бұдан әрі - Өкіл, Штат) қ а б ы л д а й д ы .

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

(1) (a) Өкілді, Штатты және олардың отбасыларын табысқа салынатын салық пен салықтық алымдарды қоса алғанда, оларға шетелден аударылатын жалақыға немесе тәуелділіктерге немесе соларға байланысты салынатын салықтардан босатады;

(b) Өкілді, Штатты және олардың отбасыларын консулдық алымдардан, салықтардан, кеден баждарынан, кеден алымдары мен төлемдерінен, салықтық алымдар мен тарифтік емес шараларды қолданудан, оның ішінде импортқа лицензия ж ә н е

м ы н а л а р д ы :

( i ) б а г а ж д ы ;

(ii) жеке пайдалану, күнделікті тұрмыс заттарын және тұтыну тауарларын;

(iii) Қазақстан Республикасына іссапарға жіберілген Өкілдің және Штаттың міндеттерін атқаруы үшін қажетті көлік құралдарын әкелуге қатысты валюталық шығыстар бойынша тәуекелдерді сақтандыруға сертификат алу міндетінен босатады;

(c) өз міндеттерін атқаруы үшін қажетті ешқандай көлік құралдарын Қазақстан Республикасына импорттамайтын Өкілді және Штатты қосылған құн салығын және жергілікті жерде Өкілге және Штаттың әрбір мүшесіне бір көлік құралын сатып алуға

қатысты салықтық алымдарды қоспағанда, салықтардан босатады;

(d) Өкілді, Штатты және олардың отбасыларын осы тармақтың (1) (b) (iii) және (1) (c) тармақшаларында аталған көлік құралдарын тіркеуге ақы төлеуден босатады;

(e) Өкілге, Штатқа және олардың отбасыларына олардың іссапарда болу кезеңінде Қазақстан Республикасына келуге, одан кетуге және онда болуына рұқсат етеді, оларға шетел бодандарын тіркеу рәсімін орындау үшін ең жақсы жағдайларды ұсынады және оларды консулдық алымдардан босатады;

(f) Өкілге және Штатқа олардың мәртебесін растайтын құжаттарды береді;

(g) Өкілге, Штатқа және олардың отбасыларына жүргізуші құқықтарын алуда қажетті жәрдем көрсетеді;

(h) егер ол шаралар қосымша бюджет қаржысын бөлуді талап ететін болса, мұндай басқа да шаралар туралы екі Үкіметтің құзыретті органдарының уағдаласуы тиістігін көздейтін Өкілдің және Штаттың міндеттерін атқаруы үшін қажетті басқа да шараларды орындайды.

(2) (a) Офисті Офистің қызметі үшін қажетті жабдықты, техника мен материалдарды әкелуге қатысты консулдық алымдардан, салықтардан, кеден баждарынан, кеден алымдары мен төлемдерінен, салықтық алымдар мен тарифтік емес шараларды қолданудан, оның ішінде қауіпсіздік жөніндегі талаптарды қоспағанда, импортқа лицензия және валюталық шығыстар бойынша тәуекелдерді сақтандыруға сертификат алу міндетінен босатады;

(b) Офисті қосылған құн салығын және салықтық алымдарды қоспағанда, жергілікті жерлерде Офистің қызметі үшін қажетті жабдық, техника, автомобильдер мен материалдар сатып алуға қатысты салықтардан босатады;

(c) Офисті табысқа салынатын салық пен салықтық алымдарды қоса алғанда, Офистің қажеттігіне оларға шетелден аударылатын шығыстарға немесе соларға байланысты салынатын салықтардан босатады.

3. Осы баптың 2-тармағында аталған көлік құралдары, егер олар кейіннен Қазақстан Республикасында салықтардан, кеден баждарынан, кеден алымдары мен төлемдерінен босатуға құқықтары немесе басқа да осыған ұқсас артықшылықтары жоқ тұлғаларға немесе ұйымдарға сатылатын немесе берілетін болса, олар салықтарды, кеден баждарын, кеден алымдары мен төлемдерін төлеу объектілеріне айналады.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі Өкілге, Штатқа және олардың отбасыларына, сондай-ақ Офиске дипломатиялық миссияның мүшесі болып табылатындардан басқа, Қазақстан Республикасында осы сияқты миссияны жүзеге асыратын кез келген басқа үшінші елдің немесе кез келген халықаралық ұйымның өкілдеріне, штатына және олардың отбасыларына, сондай-ақ офистерге ұсынылғандардан кем емес сондай артықшылықтар, босатулар мен жеңілдіктер ұсынады.

## **X БАП**

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасына келетін Сарапшылардың, Аға еріктілердің, Миссиялар мүшелерінің, Өкілдің, Штаттың және олардың отбасыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажет шараларды алдын ала қабылдайды.

## **XI БАП**

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметі осы Келісімге қатысты туындауы мүмкін мәселелер бойынша бір-біріне консультациялар береді.

2. Осы Келісімге екі Үкіметтің өзара келісімі бойынша жазбаша нысанда түзетулер енгізілуі мүмкін.

## **XII БАП**

1. Осы Келісім күшіне енгеннен кейін осы Келісімнің ережелері осы Келісім күшіне енгенге дейін басталған жекелеген техникалық ынтымақтастық бағдарламалары мен Қазақстан Республикасына келетін Сарапшыларға, Аға еріктілерге, Миссиялар мүшелеріне, Өкілге, Штатқа және олардың отбасыларына да, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген бағдарламаларға қатысты жабдыққа, техника мен материалдарға да қ о л д а н ы л а т ы н б о л а д ы .

2. Егер екі Үкімет арасындағы өзара келісім бойынша өзгеше шешілмесе, осы Келісімнің қолданылуының аяқталуы жоғарыда көрсетілген бағдарламалардың аяқталу күніне дейін іске асырылу сатысында болатын жекелеген техникалық ынтымақтастық бағдарламаларына, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген бағдарламаларға байланысты өз міндеттерін орындау үшін Қазақстан Республикасына келетін Сарапшыларға, Аға еріктілерге, Миссиялар мүшелеріне, Өкілге, Штатқа және олардың отбасыларына берілген артықшылықтарға, босатулар мен жеңілдіктерге әсер етпейді.

## **XIII БАП**

1. Осы Келісім Жапония Үкіметі Қазақстан Республикасының Үкіметінен осы Келісімнің күшіне енуі бойынша қажетті мемлекеттік рәсімдердің аяқталғандығы туралы жазбаша хабарлама алған күнінен бастап күшіне енеді.

2. Осы Келісім бір жыл бойы қолданылады және Үкімет екінші Үкіметті тоқтатылу күніне дейін кемінде алты ай бұрын өзінің Келісімді тоқтату ниеті туралы жазбаша хабардар еткенге дейін әрбір жылда бір жылға автоматты түрде ұзартылады.

Осыны растау үшін осыған толық уәкілетті төменде қол қоюшылар осы Келісімге қол қойды.



2004 жылғы 27 тамызда Астана қаласында ағылшын тілінде екі данада жасалды.

*Қазақстан Республикасының* *Жапония Үкіметі үшін*  
*Үкіметі үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК